

ӘӨЖ 334.01

**БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫМЫЗДЫҢ КӨП ТІЛДІЛІГІ МЕН ЦИФРЛЫҚ
САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ**

¹Алпамысова Г.Қ., ²Молдабекова Г.Б.

Қазақ-Орыс Халықаралық Университеті, Ақтөбе қаласы, Қазақстан Республикасы
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Соңғы кезде елімізде «Жаңартылған білім мазмұнына көшу», «Үштілділік»,
«Оқытуда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану»,

«Мамандығы бойынша кәсіби цифрлық сауаттылығын ашу» т.с.с. мәселелер көп айтылып жүр. Біздің университетімізде де ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруден басқа «Кәсіби цифрлық сауаттылық» пәні оқытылады.

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ол өркениетке жету жолында жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да үштілді, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жете меңгерген мамандарды дайындау болып табылады. Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша оқушыларға шет тілі, ақпараттық – коммуникациялық, цифрлық технологияларды сабақ барысында көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

Жаңартылған білім мазмұнына көшу жағдайында үштілді, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жете меңгерген жан – жақты дамыған мамандарды дайындау, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі.

Ал, тәжірибе жүзінде бұл мәселелердің шешімі қандай? Қазақстан Республикасында көптілді білім беруді жүзеге асыру, цифрлық сауаттылықты ашу бойынша нақты жағдайлар қандай? Міне осы мәселелер қазіргі таңда кез келген көзі ашық, көкірегі ояу, балаларының, елінің болашағы толғандыратын әрбір азаматты ойландыратыны сөзсіз.

Заманауи білім жүйесінде, үштілділік, цифрлық сауаттылық-уақыт талабы және бір-бірімен ұштасқан тығыз байланысты мәселелер.

Сондықтан заман талабына сай оқыту үрдісін жетілдіре отырып, қоғам сұранысына сай жеке тұлға қалыптастыру мәселесі бойынша оқушыларға ақпараттық - коммуникациялық технологияларды сабақта көптеп қолдану тиімділігі артып отыр.

Көптілділік көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізі болатын болса, цифрлық сауаттылық еліміздің дамуы мен өркендеуіне апаратын интерактивті алаң. Олай болатын болса, шет тілін игеру мен ақпараттық – коммуникациялық технологиярды терең меңгеру және оларды болашақ мамандарымызға үйрету, сөйтіп бәсекеге қабілеттілігі жоғары, жан-жақты маман даярлау педагогикалық шеберліктің бірден-бір көрінісі болмақ.

Осы орайда, ең алдымен тіл игеру мәселесіне тоқталып өтсек. Мектептерімізде оқылатын ағылшын тілін меңгеріп шығып, еркін сөйлеп жатқандары шамалы екені анық. Оның бір себебі, өкінішке орай, кейбір жас-өспірімдеріміздің және олардың ата-аналарының шет тілі қажеттілігіне аса көңіл бөлмеуі болса, ал екінші себебі, сол үйреніп жатқан тілдің ережелерін біле тұра ауызша сөйлеу тәжірибелік дағдысының аздығы деп ойлаймыз. Аудио-видео материалдармен, ақпараттық технологиялық құралдармен жұмыс жасау барысында оқушы теориялық білімін шындай түседі. Конфуций: «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін» дегеніндей, біз олардың тәжірибелік дағдыларын арттыруымыз керек. Жалпы балалар ақпаратты теледидар, компьютер, ұялы телефон және т. б.

техникалық құралдардың көмегімен жақсы қабылдайтыны белгілі. Сондықтан, қысқаша видео-роликтер мен презентацияларды көрсету оқушыларға жаңа материалды (иллюстрация, фотосуреттер, бейнелік, дидактикалық материалдар, т. с. с.) көрнекті түрде көрсету құралы болса, екінші жағынан, мұғалімдерге осы материалдарды және оны қолдану арқылы сабақты меңгерту процесін жеңілдетеді. Видео - сабақтар педагогикалық технологияның алға басқан тағы бір қадамы болып саналады, өйткені оқу құралы ретінде білім алушылардың қиялын, абстрактілі ойлауын, оқытылатын оқу материалын игеруге ынтасын және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Айта кететін тағы бір мәселе, кез келген тілді үйренуде сол тілдің грамматикасын, құрылым ережелерін білу керек, әрине, дей тұрғанмен сөйлеу қабілетіне көбірек ден қоюымыз керек. Мысалы, тілі жаңа шығып келе жатқан сәби, ешқандай ереже білмесе де, сөйлеп үйренеді. Ол жан-жағындағы адамдардың сөздерін, естип, іс-қимылдарын көріп жүріп сөйлеуді үйренеді. Сол сияқты өз ана тілімізде немесе кез келген өзіміз жетік игерген тілдерде сөйлегенде, біз мынау бастауыш, мынау баяндауыш, мынау анықтауыш деп бөліп отырмаймыз, үйренген дағдымен сөйлей береміз. Сол сияқты, шет тілді үйренгенде де біз көбінесе сол тілде сөйлеу қабілетімізді ұштауымыз керек деп ойлаймыз. Қазіргі кезде, мен ағылшын тіліндегі мәтіндерді оқығанда аудармашысыз-ақ бәрін түсінемін, бірақ аудио тыңдағанда, әсіресе, сол тілтасымалдаушыларды тыңдағанда түк түсінбеймін және өзім сөйлей алмаймын деп айтатын адамдар көп. Бұл жерде, ережеге көңіл бөлмеу керек, сауатсыз жазса да, тек сөйлеуді үйрену деген пікірден аулақпыз, айтпағымыз, шетел тілінде ауызша сөйлеуді игеру қиынырақ, сондықтан осы мәселеге көп мән беруіміз керек екенін тіл үйренушілер де, тіл үйретушілер де ескеруі керек деген ой.

Шетел тілін оқытудың мақсаты субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік. Ал шетел тілін меңгеру сол цифрлық технологияларды игеруде, әлемде болып жатқан инновациялық технологиялар жаңалықтар жөніндегі ақпараттарды білуде, оларды игеруде қолданылатын басты құрал болмақ. Яғни білім саласындағы осы екі өзекті мәселелердің шешімі бір-бірімен ұштасып, бірін –бірі толықтыра түсетін байланыстарын, білім алушылар үшін маңыздылықтарын тереңірек түсінеміз.

Енді цифрлық сауаттылықты ашу мәселесіне толығырақ тоқталайық.

Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауында цифрлы технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіс екеніміз айтылған болатын. Осылайша, елімізде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы қабылданды және ол жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету арқылы денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да салаларды дамытуға негізделген. Яғни, қазақ халқының цифрлық сауаттылығын арттыру арқылы елімізді жан-жақты дамыту. Ол 4 бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші бағыт – ауыл-аймақты кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету.

Екінші бағыт – көлік және логистика, денсаулық сақтау, білім беру, ауыл

шаруашылығы және электронды сауда экономиканың салаларына цифрлы технологияны ендіру.

Үшіншісі – мемлекеттік органдар жұмысының сапасын арттыру.

Төртінші бағыт – IT-мамандарды даярлау.

Қазақстанда интернет желісі қолжетімді болу үшін облыс, аудан орталықтарынан бөлек, шалғайдағы ауылдарға да қондыру шаралары жүргізілген болатын. Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру да басты міндет, тіптен «Microsoft» компаниясы еліміздің цифрландыру саласындағы бастамаларға қолдау көрсетуде. Мұның барлығы санды технологияны ендіру үшін жасалған қадамдар болатын. Айналасы бірнеше жылдың ішінде қазақстандықтар неше түрлі ұялы телефондарды ұстады. Жыл өткен сайын олардың функциялары өзгеріп, мүмкіндіктері де арта түсті.

Ал біздің бүгінгі күндегі тағы бір басты мақсатымыз ақпараттық – коммуникациялық технологияны жетік игеру және білім алушыларға меңгерту. Бүгінгі таңда ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану мұғалімге де, оқушыға, студентке де қолайлы.

Осы жерде ең алдымен, ақпараттық – коммуникациялық, цифрлық технологиялардың не екенің қысқаша қарастырып өтейік.

Ақпараттық – коммуникациялық технология электрондық есептеуіш техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау дедік. Ал, бәсекеге қабілетті маман ол – үш тілді меңгерген, базалық қана емес, сонымен қатар, кәсіби цифрлық сауаттылығы бар маман. Қазақстанның дамуы жаңа белестерге көтерілуі де, айта кеткендей халықтың цифрлық сауаттылығына тікелей байланысты болып тұр.

Цифрландыру қазіргі таңда ақпараттандыруды, автоматтандыруды, роботтандыруды және жасанды ақылды қоғамға енгізудің үздіксіз түрленетін, бейімделінетін қасиетімен ерекшеленеді.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы цифрлық экономика, цифрлық билік, цифрлық қоғам, цифрлық саясатпен тікелей байланысты және ол ақпараттандыру, автоматтандыру, роботтандыру, жасанды ақылмен жанама қатынасты.

Ақпараттандыру келесілерден құралады: компьютерлік техниканы жеткізу, бағдарламалық қамтамасыз етуді құру, ақпараттық технологияларды пайдалану, ақпараттық жүйені дамыту; азаматтардың компьютерлік сауаттылығы, субъективті-бағдарлы жобалаушы мамандардың дайындығы, халықтың IT құзыреттілігі, қоғамның цифрлық мәдениеті.

Автоматтандыру мыналардан тұрады: жұмыс орындарын автоматтандыру, бизнес-процестерін автоматтандыру, мекемелерді автоматтандыру, өндірісті автоматтандыру; машина-бағдарлы тілде жұмыс орындарын басқаратын автоматтандырылған жүйелер т.б.

Роботтандыру мыналардан тұрады: робот-экономист, робот-заңгер, робот-қаржыгер, робот-маман; машина-бағдарлы тіл, объекті-бағдарлы тіл, субъекті-

бағдарлы тіл, ақылды-бағдарлы тіл. Осы орайда айта кеткіміз келетіні, шет елдегі роботтарды сатып ала бермей, өз еліміздегі талантты ғалым, өнертапқыш, IT мамандарын әлемдік дәрежеде тәрбиелеп, өз роботтарымызды жасауымыз керек.

Жасанды ақыл мыналардан тұрады: жасанды нейрон, жасанды нейрондық байланыс, жасанды нейрондық тізбе, жасанды нейрондық мый; негізгі сөздермен пайым жасау, тірек терминдермен пайымдау, базалық түсініктермен ой айту, іргелі ұғымдармен ойлау.

Тарихта белгілі банкир Нотан Ротшильдтің «Ақпарат кімнің қолында болса, әлем соның қолында» деген қанатты сөзі еріксіз еске түседі. Осыдан екі ғасыр бұрын айтылған сөз әлі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ. Керісінше, күн өткен сайын өміршеңдігін дәлелдей түсуде. Жаһандану заманында әлемнің әр қадамы ақпаратпен байланысты екенін білеміз және оның болашағы да цифрлық ақпаратқа тәуелді болары сөзсіз.

Инновациялық технологияның мүмкіндігі – шексіз. Соны қоғамның барлық саласына енгізетін, азаматтардың санасына жеткізетін уақыт келді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бүгінде жүзеге асырылып жатыр. Деректер бойынша, аймақтың білім беру саласының 48%-ы, денсаулық сақтау саласының 68%-ы цифрлық технология мүмкіндіктерін пайдалануда.

Енді цифрлық технологияларды дамыту үшін IT мамандарын тарту және оларды даярлайтын оқу орындарының базасын нығайтуды қолға алу қажет. Бұл мәселенің шешімі Елбасы өзінің «Президенттің бес әлеуметтік басымдығы» үндеуінде айтқан оқу гранттарының санын 20 мыңға арттыру тапсырмасында жатыр. Осы арқылы төртінші өнеркәсіптік революцияны жүзеге асыратын, цифрлық Қазақстанды алға қарай ілгерілететін техникалық бағыттағы мамандарды даярлауға басымдық береді. Жалпы, елімізде ақпараттық технологияларды мемлекеттік секторға енгізу жұмыстары осыдан 10 жыл бұрын қолға алынған. Оның жарқын мысалы – «eGov» жүйесі немесе Қазақстанның электронды үкіметі. Осы жүйе арқылы жүздеген операцияны компьютер алдында отырып-ақ жасай аламыз. Құжат рәсімдеу, коммуналдық төлемдер, салық, айып-пұл төлеу, сақтандыру және басқа да шаруаларды үйден шықпай-ақ орындауға мүмкіндік бар.

Сонымен, мақала тақырыбын қорытындылай келе айтпағымыз, жалпы біздің еліміз цирландыруға енді кіріп жатыр. Алда әлі ұзақ уақыт және көп жұмыстар күтуде. Білім беру үрдісінде шет тілін игеру, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану, цифрлық сауаттылықты меңгеру мәселелері өзекті мәселелердің қатарынан орын алуда. Шетел тілін оқытудың мақсаты: субъектінің мәдениетаралық қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру десек, онда сол шетел тілін оқытуда жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану шетел тілін оқытудың мақсатынан туындап отырған қажеттілік болмақ. Бірақ «Цифрлық Қазақстанға» көшкен кезде еліміз жаңа дәрежеге көтерілері сөзсіз. Сол себепті еліміздің дамуына үлес қосуға қоғамның әр мүшесі атсалысуы қажет деп ойлаймыз. Ал ол дегеніміз, көштен қалмай шет тілді жетік үйрену, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану, цифрлық технологияларды игеру, яғни, бәсекелік артықшылыққа ұмтылу және келешегіміз жастарымызды білім

белестерін бағындырғанда осындай позитивті, жаңашылдық бағытты ұстауға тәрбиелеу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Гэмбл Джон. Стратегиялық менеджмент негіздері: бәсекелік артықшылыққа ұмтылу: оқулық студенттерге арналған / Джон Гэмбл, Маргарет А. Питерс, Артур А. Томпсон. - 5 - басылым. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 534 бет. - (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

2. Хилл Чарльз. Халықаралық бизнес: Жаһандық нарықтағы бәсеке : оқулық студенттерге арналған / Чарльз Хилл, Томас. Халт. - 12-баслым. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2019. - 720 бет. - (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық). - Загл. обл. : Халықаралық бизнес: Жаһандық нарықтағы бәсеке = International business competing in the global marketplace

3. Барлық құқықтар қорғалған. inform.kz белсенді сілтемесі https://www.inform.kz/kz/elbasy-cifrlyk-kazakstan-maksatty-bagdarlamasy-naktylady-galym_a3031281

4. <https://infourok.ru/bayandama-cifrli-azastan-badarlamasi-ayasindai-mektep-malimderini-aparattikommunikaciyalitehnologiyani-paydalanu-tzhiribesi-3545131.html>